

Тұқымдық астықтың мемлекеттік ресурстарын қалыптастырудың кейбір мәселелері және Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілеріне көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге көмек көрсету жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің ҚАУЛЫСЫ 2000 жылғы 2 наурыз N 349

Тұқымдық астықтың мемлекеттік ресурстарын қалыптастыру және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге көмек көрсету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ауыл шаруашылығы министрлігі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

"1999 жылдың егіс науқанын тұқымдық астықпен тауарлық несиелендіру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 31 наурыздағы N 341 P990341_ қаулысына сәйкес берілген 13 955 966 (он үш миллион тоғыз жүз елу бес мың тоғыз жүз алпыс алты) АҚШ доллары сомасындағы "Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры" жабық акционерлік қоғамының (бұдан әрі - Қор) тұқымдық несие бойынша "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" жабық акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) алдындағы қарызын "Азық-тұлік келісім-шарт корпорациясы" жабық акционерлік қоғамына (бұдан әрі - Корпорация) аударуды;

"Тұқымдық астықтың мемлекеттік ресурстары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 14 қыркүйектегі N 1390 P991390_ қаулысына сәйкес тұқымдық несие бойынша берешектерді өтеудің есебіне облыстардың әкімдері қайтарған және сенімгерлікпен басқаруға Корпорацияға берілген 8 400 169,29 (сегіз миллион төрт жүз мың бір жүз алпыс тоғыз бүтін жүзден жиырма тоғыз) АҚШ доллары сомасындағы 67 600,64 (алпыс жеті мың алты жүз бүтін жүзден алпыс төрт) тонна мөлшеріндегі тұқымдық және тауарлық астықты осы мақсатқа жұмсау арқылы Қазақстан Республикасы тұқымдық астығының мемлекеттік ресурстарын қалыптастыруды;

Корпорацияның Қоғам алдындағы тұқымдық астықтың мемлекеттік ресурстарын қалыптастыруға арналып нақты берілген астықтың көлеміне сәйкес тұқымдық несие бойынша 8 400 169,29 (сегіз миллион төрт жүз мың бір жүз алпыс тоғыз бүтін жүзден жиырма тоғыз) АҚШ доллары сомасындағы берешегін өтеуін қамтамасыз етсін.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2000.09.22. N 1426
қаулысымен. Р 0 0 1 4 2 6 _
2

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2000.09.22. N 1426
қаулысымен. Р 0 0 1 4 2 6 _

3. "Корпорацияға" Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы

министрлігімен келісім бойынша 1-қосымшаға сәйкес тұқымдық астықтың мемлекеттік ресурстарынан Батыс Қазақстан облысының тауар өндірушілеріне 2000 жылдың егіс науқанының қажеттілігіне жүмсауға екінші деңгейдегі банктің кепілі немесе муліктік кепілдеме бойынша 46000 (қырық алты мың) тонна тұқымдық астық бөлсін.

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.09.22. N 1426
қаулысымен. Р 0 0 1 4 2 6 _

4. Батыс Қазақстан облысының әкіміне аудандастырылған сорттардың бидай тұқымына тауарлық партиялардан аудандастырылмаған сорттардың тұқымдық материалдарын айырбастап алуға рұқсат берілсін.

5. Батыс Қазақстан облысының әкімі: бөлінген тұқымдық материалдың ауылшаруашылығы тауарын өндірушілерге дер кезінде жеткізілуін және астық өндірісінің экономикалық қолайлы аймақтарында оны ең аз тәуелдікпен мақсатты пайдалануды;

ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің берілетін тұқымдық несиені

2000 жылғы 11 желтоқсанға дейінгі мерзімде 2-қосымшаға сәйкес қайтарым коэффициентімен "Корпорацияға" қайтаруын қамтамасыз етсін.

ЕСКЕРТУ. 5-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.09.22. N 1426
қаулысымен.

Р 0 0 1 4 2 6 _

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Д.К. Ахметовке жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 2 наурыздағы
N 349 қаулысына 1-қосымша

Батыс Қазақстан облысының ауылшаруашылығы тауарын
өндірушілеріне "Азық-тұлік келісім-шарт корпорациясы"
ЖАҚ беретін тұқымдық астықтың мөлшері

(мың тонна)

! Мөлшері

!-----

Облыс, ! ! оның ішінде
элеваторлар ! Барлығы !-----
! ! сортты тұқым ! тауарлық
! ! ! партиялардан
! ! ! тұқымдық
! ! ! астық

Ақмола барлығы ! 12,2 ! 12,2 ! -

оның ішінде:

"Жамантұз элеваторы" АҚ ! 9,9 ! 9,9 ! -
"Макин элеваторы" АҚ ! 2,3 ! 2,3 ! -
Ақтөбе, барлығы ! 6,5 ! - ! 6,5

Батыс Қазақстан, барлығы ! 4,9 ! 1,0 ! 3,9
Қостанай, барлығы ! 22,4 ! - ! 22,4
Барлығы: ! 46,0 ! 13,2 ! 32,8

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 2 наурыздағы
N 349 қаулысына 2-қосымша

Тұқымдық несиені қайтарудың ақшалай ара қатынас
коэффициенті
(берілетін және қайтарылатын айырмашылығын есепке алмай)

Тұқымдық несие ! 1 тонна үшін қайтарым
қарызының ұзақтығы ! коэффициенті

1 ай	!	1,01
2 ай	!	1,02
3 ай	!	1,03
4 ай	!	1,04
5 ай	!	1,05
6 ай	!	1,06
7 ай	!	1,07
8 ай	!	1,08
9 ай	!	1,09

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.